

өлшемдері мен принциптерін сақтай отырып бюджеттік қаражатты мақсатты және тиімді шығындауға бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жауапкершілігін арттыру мақсатында әзірленді және бюджеттік кредиттерді пайдалану тиімділігін бағалау жөніндегі есепті қалыптастыру үшін мәліметті жасау мен табыс ету тәртібін айқындайды.

2. Тиімділікті бағалау жөніндегі есепті жасау мен ұсынудың мақсаты бюджеттік кредиттерді жоспарлау процесін жетілдіру және мемлекеттік бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін арттыру болып табылады.

2. Деректерді жасау мен табыс ету тәртібі және мерзімі

3. Бюджеттік кредиттерді пайдалану тиімділігін бағалау үшін деректерді бюджеттік бағдарламалар әкімшілері экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті атқарушы органдарға жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін табыс етеді.

4. Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті атқарушы органдар ұсынған деректер негізінде бюджеттік кредиттерді пайдалану тиімділігін бағалау жөніндегі есептерді қалыптастырады.

5. Бюджеттік кредиттерді пайдалану тиімділігін бағалау жөніндегі есептерді экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар экономикалық жоспарлау жөніндегі атқарушы жергілікті органдарға және орталық уәкілетті о р г а н ғ а е н г і з е д і .

6. Бюджеттік кредиттердің тиімділігін бағалау жөніндегі есептер Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 190-бабында белгіленген мерзімде енгізіледі.

3. Деректер жасау құрылымы мен түрі

7. Бюджеттік кредиттерді іске асыру мониторингін жүзеге асыру бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдарға мынадай деректер ұсынуын қарастырады:

- 1) бюджеттік кредиттердің жалпы сомасы жөніндегі жиынтық ақпараттарды;
- 2) бөлінген бюджеттік кредиттер жөніндегі жиынтық ақпараттарды;
- 3) бөлінген бюджеттік кредиттер жөніндегі жиынтық ақпараттарға түсіндірме ж а з б а н ы .

8. Бюджеттік кредиттердің жалпы сомасы жөніндегі жиынтық ақпараттар бөлінген бюджеттік кредиттерді өтеуден қалған жалпы көлемі туралы деректерден тұрады және осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

9. Бөлінген бюджеттік кредиттер жөніндегі жиынтық ақпараттар бюджеттік кредиттердің саны, сомасы, беру шарттары мен есепті кезеңге қаржылық қаражатты игерудің шынайы көлемі туралы деректерден тұрады және осы

Ереженің 2-қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

10. Бөлінген бюджеттік кредиттер жөніндегі жиынтық ақпараттарға түсіндірме жазба еркін түрде жасалынады және мынадай мәліметтерден тұрады:

бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) бойынша: басым бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) тізбесіне қосылған басым бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) қосылатын жобалардың (бағдарламалардың) атауы, кредиттің көлемі, валютасы, мерзімі, игеру мерзімі және сыйақы ставкасы, өтеу сомасы, іске асыру орны және жобаның жобалық қуаттылығы (күтілетін нәтижелер), іске асыру мерзімі, сметалық құны, қаржыландыру көздері мен схемасы, жобаның (бағдарламаның) мақсаты мен міндеттері, соның ішінде сандық және сапалық түрде, сондай-ақ түпкі қарыз алушы туралы ақпарат;

сыртқы экономикалық қызметті іске асыру бойынша: кредиттің көлемі, валютасы, мерзімі, игеру және өтеу мерзімі, сыйақы ставкасы, шетел мемлекетінің бюджеттік кредит беру туралы халықаралық шартқа міндетті күш беру үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерді жүргізу туралы мәліметі, сыртқы экономикалық қызметтің іске асырылатын шаралары бойынша жалпы ақпарат: қаржыландырудың мақсаттары мен міндеттері, көздері мен схемасы, соның ішінде сандық және сапалық түрде, сондай-ақ түпкі қарыз алушы туралы ақпарат ;

төмен тұрған бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығын қаржыландыру үшін берілген кредиттер бойынша: қолма-қол ақша тапшылығының туындау себептері туралы мәлімет, кредиттің көлемі, валютасы, мерзімі, игеру мерзімі және сыйақы ставкасы ;
сондай - ақ :

қаржыландыру барысы және бөлінген қаражатты уақытында игеру, бюджеттік кредит міндеттерін іске асыру кезінде туындаған мәселелер және оларды шешу бағыттары, үнемдеу немесе іске асыруға жоспарланған қаражатты артық жұмсау себептері туралы ақпараттар;

төлемдер бойынша мерзімінің өтуіне жол берілген жағдайда бюджеттік кредиттер бойынша негізгі қарызды өтеу мен сыйақының уақтылығы туралы ақпарат, алдағы уақытта осындай мерзімінің өтуін болдырмау және жол бермеу жөніндегі әкімші қолданатын шаралар туралы ақпарат беру;

бюджеттік кредитті қайта құрылымдау жағдайда, мерзімдердің өзгеру себептері мен кредиттік шарт бойынша міндеттемені орындаудың басқа да шарттары туралы ;

бюджеттік бағдарлама әкімшісінің әрекеттерін қоса алғанда бюджеттік кредит мақсаттарын іске асыруға қатысатын органдардың іс-әрекеттерін сипаттау ;

өтелген бюджеттік кредиттер үшін: қойылған мақсаттарға жету және жоспарланған нәтиже туралы мәлімет, нақты іске асыру мерзімі және қаржыландыру көлемдерінің жоспарланған көрсеткіштерге сәйкестігі, алда болатын ағымдағы шығындар мен оларды қаржыландыру көздері туралы анықталған мәлімет.

4. Есепті қалыптастыру

11. Тиімділікті бағалау жөніндегі есепті жасау кезең-кезеңмен жүзеге асырылады және:

1) қол жеткізілген нәтижелерді (нақты деректерді) жоспарланғандармен салыстыруды;

2) тиісті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген шаралардың уақытында іске асырылғанын айқындау арқылы, әкімшінің бюджеттік кредитті қолданудың тиімділігін арттыру жөніндегі шешімді уақытында қабылдауы арқылы бюджеттік кредиттер қаражаттарын басқару сомасына талдауды жасау: мақсаттарға, міндеттерге және күтілетін нәтижелерге, индикаторларға қол жеткізуді;

3) алынған нәтижелер мен индикаторлардың Қазақстан Республикасының тиісті стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне, сондай-ақ мемлекеттік қызметті алушылардың мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкестігіне қорытынды;

4) нысаналы, тиімді және негізділік принципін сақтау арқылы бюджеттік кредиттермен іске асырылған жоғарыда көрсетілген нәтижелерді дәлелдейтін құжаттардың болуын;

5) бюджеттік кредиттеудің мемлекеттік саясатын қалыптастыру және жүзеге асыруды одан әрі жетілдіру ұсыныстарды қамтиды.

12. Бюджеттік кредиттердің тиімділігін бағалау ақпаратты өңдеу мен талдаудың мынадай әдістері негізінде жүргізіледі.

Жобаны (бағдарламаны) іске асыру барысында қол жеткізілген Тікелей материалдық немесе материалдық емес салдарлар болып табылатын нәтижелерді бағалаған кезде:

жоспарланған өлшемдердің нақтыға сәйкестігі дәрежесі белгіленеді; жобаны (бағдарламаны) іске асыру барысында туындаған кедергілер мен оларды жою шаралары талданады және іске асыруға қатысушы тараптардың іс-әрекеті бағаланады;

жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізу тиімділігі туралы қорытынды жасалады.

аяқталған жоба (бағдарлама) нәтижелерінде қоршаған жағдайда туындаған

өзгерістер болып табылатын салдарларды немесе оның құрамдауыштарын
бағалаған кезде:

алға қойылған міндеттерге қол жеткізу дәрежесі белгіленеді;
жобада (бағдарламада) жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізу тиімділігі
туралы қорытынды жасалады.

Аяқталған жобаның (бағдарламаның) әсері болып табылатын
әлеуметтік-экономикалық ахуалға ықпалды бағалаған кезде:

басқа жобалардың (бағдарламалардың) қатарындағы жобаның мемлекеттік,
салалық және аймақтық бағдарламалардың жоспарланған мақсаттарына қол
жеткізуге үлесінің ара қатынасы белгіленеді;

мүмкін кредит берудің басымдықтарын түзету жөнінде ұсынымдар
тұжырымдалады;

мемлекеттік, салалық және аймақтық бағдарламалардың жоспарланған
мақсаттарына қол жеткізудегі жоба (бағдарлама) үлесінің тиімділігі туралы
қорытынды жасалады.

Бюджеттік кредиттерді
пайдалану тиімділігін бағалау
жөніндегі есепті жасау мен
табыс ету ережесіне

1-қосымша

Бюджеттік кредиттердің жалпы сомасы жөніндегі жиынтық ақпарат

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі: _____

Есепті кезең: 200__ ж.

№р/с	Қаржы жылдың басына кредиттер бойынша берешектің сомасы		Есепті кезеңде өтелгені		Есепті кезең- де беріл- ген кре- диттер	Қаржы жылдың соңына кредиттер бойынша берешектің сомасы	
	негіз- гі қарыз	сый ақы мен айып- пұлдар	негіз- гі қарыз	сый ақы мен айып- пұлдар		негіз- гі қарыз	сый ақы мен айып- пұлдар
1	2	3	4	5	6	7	8

Бюджеттік кредиттерді
пайдалану тиімділігін бағалау
жөніндегі есепті жасау мен

2-қосымша

Бөлінген бюджеттік кредиттер бойынша жиынтық ақпарат

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі: _____

Есепті кезең: 200__ ж.

№ р/с	Бюд-жеттік бағ-дарла-маның атауы	Бюд-жеттік кре-диттің мақса-ты	Сомасы (мың теңге)	Валю-тасы	Өтеу мерзі-мі	Жеңіл-дікті мерзім (егер бар болса)	Сыйақы став-касы	Қарыз алушы-ның өтеге-ні (мың теңге)	Ескер-ту
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10